

"Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2013 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 ақпанды № 509 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 235 қаулысы

«Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2013 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 ақпанды № 509 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының

Үкіметі

## ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері әскерге шақыру комиссияларының жұмысын ұйымдастырысын және саны 31 968 адам әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жетін жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жетін жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімін өткермеген азаматтарды 2013 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында әскери қызметке шақыруды өткізууді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі әскерге шақырылуышыларды жинау және әскерлерге жөнелту орындарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің күшеттілген кезекшілігін ұйымдастырысын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен әскерге шақыру пункттерін медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырысын.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтінімдері бойынша мерзімді әскери қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілерін және Қазақстан Республикасының Қарулы Құштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктері мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды, сондай-ақ мерзімді әскери қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілерін тасымалдауға арналған

шығыстарды өтеуді республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаржы бөлу шегінде тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға тікелей олар ұсынған шоттар  
б о й ы н ш а ж ү р г і з с і н .

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан*

*Республикасының*

*C. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК